

«Дінтанудың қазіргі мәселелері» пәні бойынша семинар сабақтарының әдістемелік нұсқаулығы

«Дінтанудың қазіргі мәселелері» пәнінен семинарға дайындалу барысында магистрант дәріс кезінде берілген негізгі ғылыми, дінтанулық бағытты басты ұстанымға алып, келесі құзыреттерді меңгеруі керек:

- жалпы қазіргі дінтанудағы фундаменталды және қолданбалы зерттеулердің даму және интеграциясының үрдістерін;
- дінтану саласында фундаменталды және қолданбалы ғылыми зерттеулердің методологиясын, әдістерін, технологиясы, ұйымдастыру және жүргізіу принциптері туралы;
- ғалым-зерттеушінің білімге негізделген қоғамның дамуына үлесін тигізетін мамандық сапасы мен ғылыми этикасы туралы.
 - әр түрлі қызмет саласындағы түрлі бағыттар мен әдістерді шоғырландыруға негізделген кешенді зерттеу процесінің методологиясы мен тәжірибесін;
 - дінді зерттеудегі теориялық және қолданбалы бағыттарды, қазіргі дінтанудағы болжаулау және моделдау әдістерін;
 - дінтану саласындағы алдыңғы қатарлы теориялық және практикалық білімді қолдану арқылы инновациялық шешімдерді сыни зерттеуден өткізе отырып көрсету.

Магистранттың семинарға дайындалуы

Семинарға дайындала отырып, магистрант мына талаптарды басшылыққа алуы керек:

- ұсынылған әдебиеттермен танысу;
- мәселе бойынша түрлі көзқарастарды қарастыру;
- проблемалы мәселерді бөлу;
- өз көзқарасын қалыптастыру;
- даулы сәттерді қарастыру және пікірталас мәселесін шешу.

Магистранттың семинарға дайындалу әдістемесі.

Дайындық кезінде магистрант мәселені дұрыс бағалауы тиіс және берілген тапсырма тақырыбын толығымен ашуға міндетті. Оқытушы ұсынған негізгі және қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, қойылған сұраққа дұрыс және нақты жауап беру керек.

Магистранттың кез келген сөз сөйлеуіне қойылатын талаптар тізімі шамамен төмендегідей:

- жоспарлау - басты мәселелерді бөліп алу;
- мәселенің мәнін ашу;
- мәселенің барлық аспектілері жариялануы тиіс, сұраққа жауап бергенде сөйлемнің толық болуы мен аяқталуы керек;
- студенттің сөз сөйлеуі логика талаптарына сай болуы керек;

- айтылған проблеманы айқын ажырату, оның нақты тұжырымдалуы;
- сөз сөйлеу тақырыппен немесе сұрақпен байланысты болуы керек;
- дәлел келтіргенде, қарама-қайшы келмейтін және толық дәлелдеме болуы керек;
- ұғымдар мен терминдерді дұрыс және мазмұнды пайдалану;
- пікірталас, пікірталасуды қолдау, басқа студенттердің жауаптарына талдау жасау;
- оқытушының немесе басқа студенттердің тақырыпқа қатысты семинар барысында айтқан құнды пікірлерін немесе жаңа ақпаратты жүйелі түрде жазып отыру;
- студенттердің оқытушыға және топтастарына қарым-қатынасы - сыйластық, өзара сын.